

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 6 (973) 2 ақпан 2024 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

ДАҢҚТЫ БАТЫРЛАРДЫҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫ

Осы жылы даңқты батырларымыз Сағадат Нұрмағамбетов пен Рахымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығын жергілікті атқарушы органдармен және білім басқармасымен бірлесіп кеңінен атап өту қажет. Бұл туралы Абай облысы Қорғаныс істер жөніндегі департаментінің бастығы, полковник Нығмет Ахметұлы ардагерлер ұйымдарының төрағаларымен өткен кеңесте айтты, деп хабарлайды Egemen.kz Абай өңірлік әскери гарнизонына сілтеме жасап.

Өткен жыл қорытындыланып, алдағы 2024 жылы атқарылатын іс-шаралар талқыланған жиында Нығмет Ахметұлы ардагерлер ұйымдарының есебін тыңдап, жоспарға сәйкес атқарылатын тапсырмалар жайына тоқталды. Абай облысы Қорғаныс істер жөніндегі департаментінің бастығы көктемгі және күзгі мерзімдегі әскери қызметке шақыру науқанына белсене қатысу, «Айбын» Халықаралық әскери-патриоттық жастар жиынына сапалы дайындықты ұйымдастыру мен «Аналар жүрегі» сарбаздар аналары республикалық ұйымымен бірлесіп тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеу керек екенін атап өтті.

Бытыр облыста ардагерлердің қатысуымен 250-ден астам әскери-патриоттық іс-шаралар ұйымдастырылған болатын. Жыл сайынғы дәстүрлі түрде өтетін «Айбын» республикалық әскери-патриоттық жастар жиынына әскери-патриоттық клубтардың, «Жас ұлан» мектеп тәрбиеленушілерінің және әскери қызметшілерінің балалары қатысып жатыр. Өткен жылғы жиын халықаралық форматта өткізіліп, облыстың намысын қорғаған «Абай қырандары» әскери-патриоттық клубы жоғары нәтиже көрсетті. Сонымен қатар жыл сайын 1 қыркүйекте өңіріміздің барлық мектептерінде білім күніне арналған «Ерлік сабақтары» өткізіліп жатыр.

Жалпы, Абай облысында 300-ден астам әскери-патриоттық клубтар 7 мыңнан астам баланы қамтыса, 70-тен астам «Жас сарбаз» сыныбында 1350 бала тәрбие алып жүр. Ал үш «Smart Sarbaz» үйірмесінде 63 бала білім алады екен. Абай облысы Қорғаныс істер жөніндегі департаменті жергілікті атқарушы органдармен, жалпы білім беретін мекемелерімен, қоғамдық ұйымдармен және ардагерлермен жоғары дәрежеде бірлесе жұмыс нәтижесін көрсетіп жүр.

Сәтжан ҚАСЫМЖАНҰЛЫ, Egemen.kz

АУЫЛ ЖАСТАРЫ ЖӘНЕ «БОЛАШАҚ»

Халықаралық «Болашақ» бағдарламасы бойынша кейінгі жылдары ауылдағы жас мамандарға квота бөлініп, жеңілдіктер қарастырылған. Алайда елдегі жастар мұны толыққанды пайдалана алмай отыр. Аталған бағдарлама бойынша ауылдағы қыз-жігіттердің шетелдік жоғары оқу орнына түсу көрсеткіші тым төмен.

Мәселенің оң шешімін табу үшін былтыр 6 қарашада «Ауыл» партиясы мен Халықаралық «Болашақ» бағдарламалар орталығы өзара ынтымақтастық жайында меморандумға қол қойған болатын. Соның аясында партия мен орталық ауылдағы жас мамандарды «Болашақ» бағдарламасымен шетелдің оқу орындарында оқыту және тағылымдамадан өткізуде бірлесе жұмыс істеуге келіскен.

Ал осы апта басында «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясының өкілдері аталған мәселеге байланысты халықаралық бағдарламалар орталығы басшылығымен кездесу өткізді. Іс-шараға «Ауыл» партиясы орталық аппаратының басшысы Қ.Сейітжанов, Парламент Мәжілісіндегі «Ауыл» партиясы фракциясының депутаты Т.Серіков, Халықаралық бағдарламалар орталығының басқарма төрағасы Ә.Оспанова, сондай-ақ онлайн режимде аудандық мәслихат депутаттары, аудандар және ауылдық округтердің әкімдері, «Ауыл» партиясы өңірлік филиалдарының төрағалары мен жастар жетекшілері қатысты.

Жиында қос тарап шетелде «Болашақ» бағдарламасымен білім алушы ауыл жастарының санын арттырудағы жұмыс жайын талқылады. Атап айтсақ, елді мекендерге насихаттау топтарын жіберу, үміткерлердің шет тілін талапқа сай меңгеруіне жағдай жасау, жергілікті жердегі аграрлық мамандық иелерін, медицина қызметкерлері мен мұғалімдерді кәсіби тағылымдамадан өткізу мәселесі кеңінен сөз болды.

«Ауыл» партиясы тарапынан партияның филиалдары арқылы ауылдық жердегі сауатты жастарды тауып, олардың шетелде білімін шыңдауға барынша көмек көрсетеміз. Сонымен қатар Мәжілістегі депутаттар арқылы «Болашақ» бағдарламасының кейбір кемшін тұстарын толықтыруға, ауыл жастарына қолайлы болуы үшін заңға өзгерістер енгізуге күш саламыз, – дейді партия орталық аппаратының басшысы Қуаныш Сейітжанов.

Сондай-ақ кездесуде сөз алған Мәжіліс депутаты Т.Серіков бағдарламада ауылдықтар үшін тек магистратурада білім алу қарастырылғанын, тағылымдама мен докторантураның ұмыт қалғанын еске салды.

Жиын соңында кездесуге қатысушылар бағдарламаға қатысты сұрақтар қойып, ұсыныстарын айтты. Ұйымдастырушылар әрбір ұсыныс пен сұрақ, көтерілген мәселенің ескерусіз қалмайтынын жеткізді.

Ержан ҚОЖАС, журналист «Егемен Қазақстан».

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРІ ТАЙЫНША КӨПБЕЙІНДІ АУДАНАРАЛЫҚ АУРУХАНАСЫНДА БОЛДЫ

«ТАЙЫНША КӨП БЕЙІНДІ
АУДАНАРАЛЫҚ АУРУХАНАСЫ»

«ТАЙЫНШИНСКАЯ
МНОГОПРОФИЛЬНАЯ
МЕЖРАЙОННАЯ БОЛЬНИЦА»

«ТАЙЫНША КӨП БЕЙІНДІ
АУДАНАРАЛЫҚ АУРУХАНАСЫ»

«ТАЙЫНШИНСКАЯ
МНОГОПРОФИЛЬНАЯ
МЕЖРАЙОННАЯ БОЛЬНИЦА»

«ТАЙЫНША КӨП БЕЙІНДІ
АУДАНАРАЛЫҚ АУРУХАНАСЫ»



Тайынша ауданына жұмыс сапарымен Денсаулық сақтау министрі Ажар Финият келді. Делегацияға Тайынша көпбейінді ауданаралық ауруханасы қабырғасында телемедицина құрылғысы таныстырылды. Аталған құрал-жабдық Франция елінен әкелінген. Заманауи технология қазір Солтүстік Қазақстан облысында 16 ауруханада бар.

Франциялық компаниядан келген өкіл Жером Суастье медициналық жабдық пациенттерге консультация алуға және облыстық немесе ауданаралық емдеу мекемесіндегі дәрігердің қабылдауына жазылуға мүмкіндік беретінін айтты. Жүйеге ультрадыбыстық сенсор, ЭКГ, ЛОР ағзаларын қарауға арналған камера және теріні зерттейтін аппаратура қосылған.

Телемедицина науқастардың жолға кететін уақытын үнемдейді. Бұл дәрігерлердің жұмысын да айтарлықтай жеңілдетеді дейді мамандар. Елімізде жер-жерден жас мамандарды тарту үшін түрлі жобалар іске асырылуда. Соның бірі – ауылға баратын дәрігерлерге берілетін 8,5 млн теңге көлеміндегі біржолғы көтермеақы. «Өткен жылы ғана Үкімет Мемлекет басшысының тапсырмасымен резидентураға гранттарды көбейтті. Біз оны 3,5 мыңға жеткіздік. Биылдан бастап министрліктен бағытталған 2,5 мың грантты халық

санына қарай бөліп, әкімдерге беруді ұйғардық. Жалпы қалалар мен ауылдардағы медицина сапасы жыл сайын жаңа деңгейге көтерілуі керек», – деді ҚР Денсаулық сақтау министрі Ажар Финият. Бытыр көпбейінді ауруханада күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Ұлттық жоба аясында нысанның 3 бірдей қабатында ескітер ауыстырылып, нысанның төбесі мен қабырғалары жөндеуден өтті. Бұл мақсатқа 580 млн теңге қаражат жұмсалған екен.

Тайынша көпбейінді ауданаралық ауруханасының бас дәрігері Мақсат Құдратуллаев өз сөзінде былтыр екінші қабаттағы перзентхана бөліміне жөндеу жұмысы жүргізілгенін тілге тиек етті. Үшінші қабатта неврология бөлімшесінде де жөндеу жұмыстары жүргізілген. Қазірде науқастар аталған жаңартылған бөлімшеде медициналық көмек алып жатыр.

Тайынша көпбейінді ауданаралық ауруханасында алдағы уақытта бірнеше бөлімше ашылады деп жоспарланып отыр. Мамандар 40 мыңға жуық тайыншалыққа қызмет көрсетсе, биыл аудан халқымен қатар Ақжар және Уәлиханов аудандарының 30 мыңнан астам тұрғынына да медициналық қызмет көрсетіледі деп күтілуде.

Гүлден СЕМБАЕВА, журналист.

ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК – ҚУАТТЫ КАПИТАЛ

Бүгінгі таңда зияткерлік меншік алыс-жақын шетелдермен терезесі тең жүруге мүмкіндік тудыратын, бәсекелестік қабілетті арттыруға серпін беретін қуатты капитал саналады. Сондықтан осы салада мемлекеттік саясатты қалыптастыра отырып, іске асыру, оның ішінде контрафактілік өнімдерге қарсы күрес, құқықтық түсіндіру жұмыстары әділет органдарының басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Бытыр зияткерлік меншік құқықтарын қорғау бағытында семинарлар, дәрістер, “дөңгелек үстелдер”, кездесулер түрінде бірқатар шаралар өткізілді. Бұдан бөлек, бөтен тауар белгісін заңсыз пайдалану бойынша тексерістер жүргізіліп, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 158-бабын бұзған кәсіпкерлерге әкімшілік айыппұл салынып, тәркіленген контрафактілік өнімдер жойылды. “Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы жетілдіру және мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” заң уәкілетті органдарда, сараптама ұйымдарында және соттарда өтініш берушілер мен құқық иеленушілердің мүдделерін білдіретін патенттік сенім білдірілген өкілдер институтын жетілдіруге, құқық иелерінің заңды мүдделерін айқындауға айтарлықтай әсерін тигізді. Мәселен, тіркелмеген өнеркәсіптік үлгілер туралы норма құқық иелерін түпнұсқа бұйымдардың сыртқы түрін тікелей көшіруден қорғауға мүмкіндік береді. Тиісті талаптар мен түпнұсқаға сәйкес келетін өнеркәсіптік үлгідегі тауарлар құжат берілген күннен бастап үш жыл бойы

тіркеусіз және құжатсыз қорғалуы мүмкін. Тағы атап өтетіні, егерде көрмеге қойылған, саудада пайдаланылған немесе кәсіпкерлік қызметтерде қолданылған болса, алғаш рет жарияланған (ашылған) болып есептеледі. Оның құқықтық қорғау мәртебесі сот тәртібімен жүзеге асырылады. Отандық тауар өндірушілер зияткерлік меншіктің жаңа нысандарын енгізу арқылы әлемдік нарыққа да бойлай алады. Бұл жерде географиялық көрсеткіш басты рөл атқарады, ол белгілі бір сапалық белгілерімен сипатталады, тауар өндірісінде айтарлықтай орны бар деуге болады. Пайдалану патентін иеленген соң бұл белгілерді тауар атауында, қаптамада, жарнамада, шоттарда орналастыруға құқылы. Бұл құқық сараптама жасау ұйымына өтінім берілген күннен бастап есептегенде он жыл бойы қолданылады. Шарт-талаптар сақталған жағдайда, тауар месінің өтініші бойынша географиялық нұсқауды және тауар шығарылған жердің атауын пайдалану құқығының қолданылу мерзімі он жылға дейін ұзартылуы ықтимал. Ұзарту шексіз қолданылуы мүмкін. Географиялық нұсқаулар заңсыз пайдаланылса, ол азаматтық іс жүргізу заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады. Құқықтық қорғаудың мұндай жағымсыз оқиғалары Қазақстанның халықаралық беделіне, имиджіне теріс әсер етуі әбден мүмкін. Сондықтан зияткерлік меншік құқықтарының қорғалуында заң нормалары басшылыққа алынуға тиіс.

Самат ТОҚҚОЖИН, облыстық әділет департаменті зияткерлік меншік құқығы бөлімінің басшысы.

ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

*Спорт

Қаңтардың 26 жұлдызында Тайынша қаласында «Север - 2024» аудандық қысқы спорт мерекесі өтті. Бағдарламада қысқы Президенттік көпсайыс, шаңғы жарысы, шаңғы эстафетасы және шорт-трек бойынша жарыстар өтті. Барлық жарыстардың қорытындысы бойынша Тайынша қаласының командасы 1- орынға ие болды. 2-орынға Летоочное ауылдық округінен келген команда, ал, 3- орынды Алабота ауылдық округінен келген команда жеңіп алды. Жеңімпаздарды құттықтаймыз!

ТАЙЫНША АУДАНЫНЫҢ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЛАМАСЫ

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 101-бабының 3-1, 6-тармақтарына сәйкес Тайынша ауданының аумақтық сайлау комиссиясы 2024 жылғы 31 наурызға № 8 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша шығып қалғанның орнына Тайынша аудандық мәслихаты депутатының сайлауын тағайындады.

Мәслихат депутаттығына кандидаттарды ұсыну 2024 жылғы 31 қаңтардан басталады.

Округ орталығы: орта мектептің ғимараты, Петровка а., Школьная көшесі, 1, тел. 8 (715-36) 70-1-71. Округ шекаралары: № 436 (Қарағаш а., Тапшил а., Константиновка а.), № 437 (Калиновка а.), № 439 (Аққұдық а., Целинное а., Талдыкөл а., Золоторунное а.), № 453 (Петровка а.)

Тайынша ауданының аумақтық сайлау комиссиясы

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ТАЙЫНША АУДАНЫ АУДАНДЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ МЕН ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

№ р/с	Аумақтық сайлау комиссияның орналасқан жері	Телефондар, факс	Аудандық сайлау комиссияның құрамы
Тайынша аудандық сайлау комиссиясы			
1	151000, Тайынша қ., Орталық жолақ 2 «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі» КММ ғимараты	8(71536)2-13-26	Төраға – Нероба Ольга Густавовна; төраға орынбасары – Жетібаев Әскер Шайхислямұлы; хатшы – Бөкенова Жібек Зайнолловна; комиссия мүшелері: Қаппасов Қайыр Серікқалиұлы, Құрманғалиева Сайра Елемесқызы, Иванова Ольга Федоровна, Сүлейменов Төлеген Қайроллаұлы

Тайынша ауданы мәслихатының депутаттарын сайлау бойынша округтік сайлау комиссияларының құрамы және орналасқан жері туралы мәлімет ХАБАРЛАМА

№ п/п	Сайлау округінің нөмірі	Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері	Телефон	Сайлау округінің шекарасының сипаттамасы (сайлау учаскесінің нөмірі)	Округтік сайлау комиссиясының құрамы
Тайынша ауданы					
1.	№8	Петровка а., Школьная қ. 1, орта мектептің ғимараты	8(71536) 70171	436, 437, 439, 453	Төрағасы – Әлімов Бауыржан Мақанұлы; төрағаның орынбасары – Кұльмағамбетова Зарина Тұрғынқызы; комиссия хатшысы – Горбачева Светлана Станиславовна; комиссия мүшелері – Махметжанова Алтын Еслямханқызы, Тиминская Юзефа Брониславовна

Учаскелік сайлау комиссияларының құрамы туралы мәліметтер, олардың орналасқан жері, сондай-ақ сайлау учаскелерінің шекаралары ХАБАРЛАМА

№ п/п	Сайлау учаскесінің нөмірі	Учаскелік сайлау комиссиясының орналасқан жері	Сайлау учаскесі шекараларының сипаттамасы	Учаскелік полиция қызметкерінің құрамы сайлау комиссиясы
1.	№ 436	Қарағаш а., Сұңғата Хамидуллина к. 10, орта мектеп ғимараты	Қарағаш а., Тапшил а., Константиновка а.	Төрайымы – Гүлнар Хасенқызы Ғабдуллина, төрайымның орынбасары – Гүлмира Қойшыбайқызы Рамазанова, комиссия хатшысы – Сергей Владимирович Матц, комиссия мүшелері: Шолпан Пүшкинқызы Аяпова, Жасұлан Алпысбайұлы Балғабеков
2.	№ 437	Калиновка а., Центральная к., 5, негізгі мектеп ғимараты	Калиновка а.	Төрайымы – Светлана Викторовна Лисневкая, төрайымның орынбасары – Валерий Леонидович Канарский, комиссия хатшысы – Юрий Леонидович Терлецкий, комиссия мүшелері: Юлия Иосифовна Цальковская, Олеся Николаевна Стерлецкая
3.	№ 439	Аққұдық а., Центральная к., 35, «Племзавод Алабота» ЖШС ғимараты	Аққұдық а., Целинное а., Талдыкөл а., Золоторунное а.	Төрағасы – Жанат Мұратұлы Қалтаев, төрағаның орынбасары – Валентина Владимировна Блинец, комиссия хатшысы – Марал Мұратқызы Алиева, комиссия мүшелері: Динара Нұрмұқанқызы Елеусізова, Мақпал Ермекқызы Усаева
4.	№ 453	Петровка а., Мектеп к., 1, орта мектеп ғимараты	Петровка а.	Төрайымы – Алена Викторна Кайб, төрайымның орынбасары – Янн Елена Иосифовна, комиссия хатшысы – Мира Жанатқызы Раисова, комиссия мүшелері: Бағдат Аманкелдіұлы Искахов, Күмісбек Тәшкенбайұлы Шындаулетов

***Көпшілік Назарына!**

2024 Жылға арналған Техникалық Тексерулер Қағидалары

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2015 жылғы 30 наурыздағы №4-3/269 «Жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқау қағидаларын және олардың базасында дайындалған шасси мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды бекіту туралы» бұйрығының негізінде жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқауға көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүзеге асыратын машиналар жатады және «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі» КММ белгіленген кестеге сәйкес машиналардың орналасқан жері бойынша тікелей жүргізіледі (келісім бойынша). Ауыл шаруашылығы техникасын жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу үшін www.elicense.kz сайты арқылы белгіленген мерзімге дейін 2 (екі) күннен кешіктірмей электрондық форматта өтініш беру қажет. Қосымша ақпарат «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі» КММ-нің <http://oshv-tsh.sko.gov.kz> сайтында орналасқан немесе 8(715)36 22-8-66, 21-4-70 телефондары арқылы хабарласа аласыз.

Өткізу күні	Ауылдық округтің атауы	
01.03.2024	Абай	ЖШС, ШҚ, ФХ, жеке тұлғалар
04.03.2024	Амандық	ЖШС, ШҚ, ФХ, жеке тұлғалар
05.03.2024	Алабота	ЖШС, ШҚ, ФХ, жеке тұлғалар
06.03.2024	Чкалов	ЖШС, ШҚ, ФХ, жеке тұлғалар
17.03.2024	Донецк	ЖШС, ШҚ, ФХ, жеке тұлғалар
11.03.2024	Миронов	ЖШС, ШҚ, ФХ, жеке тұлғалар
12.03.2024	Тихоокеан	ЖШС, ШҚ, ФХ, жеке тұлғалар
13.03.2024	Зеленогай	ЖШС, ШҚ, ФХ, жеке тұлғалар
14.03.2024	Киров	ЖШС, ШҚ, ФХ, жеке тұлғалар
15.03.2024	Яснополян	ЖШС, ШҚ, ФХ, жеке тұлғалар
18.03.2024	Краснополян	ЖШС, ШҚ, ФХ, жеке тұлғалар
19.03.2024	Рощинск	ЖШС, ШҚ, ФХ, жеке тұлғалар
20.03.2024	Келлер	ЖШС, ШҚ, ФХ, жеке тұлғалар
26.03.2024	Летовочный	ЖШС, ШҚ, ФХ, жеке тұлғалар
27.03.2024	Драгомиров	ЖШС, ШҚ, ФХ, жеке тұлғалар
28.03.2024	Большеизюм	ЖШС, ШҚ, ФХ, жеке тұлғалар
01.04.2024	Чермошнян	ЖШС, ШҚ, ФХ, жеке тұлғалар

КЕҢ ТЫНЫСТЫ ҚАЛАМГЕР

Жанар ТАЛАСПАЕВА,
М. Қозыбаев атындағы СҚУ-дың профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты.

Бүгін туғанына тура 90 жыл толып отырған марқұм жерлесіміз, қаламгер Сәкен Жүнісов бірыңғай жазушылықпен айналысқан жарты ғасырға таяу шығармашылық өмірінде қазақ әдебиетін өркендетуге өлшеусіз үлес қосты. “Ақан сері” дилогиясы, “Жапандағы жалғыз үй”, “Заманай мен Аманай” романдары қалың оқырман қауымнан да, әдеби сыншылар тарапынан да жоғары баға алды. “Ажар мен ажал”, “Тұтқындар”, “Қызым, саған айтам”, “Жаралы гүлдер”, “Қос анар”, тағы басқа пьесалары республика театрларында үздіксіз көрсетіліп жүр. “Өліара” пьесасына 1986 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді. Көптеген шығармалары шет тілдерге аударылды. Өзі де Л.Толстойдың, С.Цвейгтің, О.Гончардың әңгімелері мен романдарын қазақ тіліне сәтті тәржімалады. С.Жүнісовтің қаламынан туған таңдаулы шығармалары қазақ әдебиетінің алтын қорынан берік орын алған құнды дүниелер болып табылады. Ол өз замандастарының арасында ауқымды шығармашылық қарымымен де, біртуар азаматтық болмысымен де ерекшеленетін. Туған халқы талантты перзентін сан қырлы өнері үшін Сәкен сері атап, аялап еркелетті. Қазақ әдебиетінде тарихи тақырыпқа жазылған романдардың маңызы қашан да жоғары. Ұлттық әдебиетімізде тарихи тақырыпты арқау ету кеңінен қанат жайған келелі дәстүр бар. Бұл, әсіресе, ХХ ғасырдың алпысыншы жылдарынан кейін кең етек алғаны белгілі. Осы кезеңде өмірге келген С.Жүнісовтің “Ақан сері” тарихи-ғұмырнамалық романы соның дәлелі. С.Жүнісовтің “Ақан сері” дилогиясы жанрлық тұрғыдан алғанда, сөз жоқ, қазақ халқының аса ауыр күрделі кезеңі – 19-20 ғасыр оқиғаларын панорамалық сипатта қамтыған эпикалық шығарма. Шығарманың басты кейіпкері – Ақанның өмір жолы да қызықты әрі ерекше. Ол өмірінің көбін серілікпен өткізді. Өз қасына өнерпаз жастарды жинап, даланы жырға бөлеп, халқына өмір үшін күрестің сырын шертті, ойын-сауық, той-думанның көркі болды. Өмірінің соңғы кезінде өз ортасынан аулақтап, жалғыздықпен мұңдасты. Мұндай мінезін бұрын көзі көріп, құлағы естімеген ел оны жат қылық санады. Ақан жөнінде қауесет сөздер тарады. Сөйтіп, Ақан өмірі жұмбақ болып қалды. Ал шындығында, бұл қылық өзінің қатыгез заманына мойынсұнбай өткен тақаппар әрі сезімтал ақынның бейнесін танытады. Ол жасынан-ақ тағдырдың ноқтасына бас құппай бұлқынып, еркін өмір сүрді. Халқымыздың ардагер әншісі Ақан сері Қорамсаұлы өмірінен жазылған “Ақан сері” романының ұлттық әдебиетімізде алатын орны ерекше. Халқымыздың ұлттық санасында дала, туған жер ұғымдары ғасырлар бойы қалыптасқан рухани ұлттық құндылықтарға жатады. С.Жүнісов “Қос анар” драмасында қазақтың ұлан-байтақ жерінің кеңдігін, тың жерлерді игеру келбетін шебер сипаттайды. Мысалы: “тың жатқан шексіз дала, меңіреу дала, жалпақ өңір; жалпақ жатқан қазақ даласы; мидай ен дала; жапан тұз; жан баспаған, жан көрмеген иесіз дала, құлазыған тұл дала, көшкен қаңбағынан басқа, қолға ілінер жаңғағы жоқ қу медиен, түгін тартсаң майы шығатын, топырағы торқа байтақ жер, жусан иісі; баланың еңбегіндей былқылдаған жер иісі; ыстық топырақ; арқаның желі; қасиетті топырақ; иесіз меңіреу жұрт; жеті атасынан бері иелігіндегі жер, ақ жаулығын шешіп тастаған ақжал қыраттар; кеудесін керіп, көсіле жатқан көптің мекені”, – деген суретті сөздері осы ойымыздың айғағы. Жазушы қазақ даласының кеңдігі, табиғатының байлығы адам мінезінің жақсы қасиеттерін қалыптастыратынын, қазақ халқының рухани болмысының сол жердің табиғатымен тікелей байланыстылығын осындай айшықты сөздермен кестелейді. Өзіндік үні, айшықты кестелі тілі, ауқымды тақырыбымен қазақ әдебиетінің қос тізгіні – проза мен драматургияны қатар ұстаған, кең тынысты, қуаты мол, қарымды, дарынды қаламгер Сәкен Жүнісов кейіпкерлерін сол кездегі дәуір тілімен сөйлетіп, көріктеу құралдарын тосын көркем образдар, ерекше экспрессияға құрылған сюжеттер жасау үшін қолданады. Туындыларындағы оқиғаның шынайылығы, табиғилығы, ойдың нақты, жинақы берілуі, аз сөзге көп мағына сыйғызуы, қарапайымдылығы – жазушының өзіндік өрнегін, ешкімге ұқсамайтын стилін танытады.

КЕҢЕСТЕГІ ЖАЛҒЫЗ ҮЙ

Кезінде оқырман қауымнан жоғары бағасын алған Сәкен сері Жүнісов ағамыздың «Жапандағы жалғыз үй» романы «Ескі жұрт – көршілес салған оншақты үйдің орны шымнан қалаған қабырғалары ұзақ жылдар бойы жел өтіне мүжіліп, құлай-құлай жатаған төмпешікке айналған. Кісі бойындай алаботта, жусан аралас өлі құрай басқан үй орындары өткен өмірден қалған көне белгі ғана» деп реңсіз басталады.

Күздің соңғы бір жаңбырларынан кейін күн сәл-пәл ашылған тұста біздің де қотанына кірген, осы күнгі барларының санатында жоқ ауылымыз дәл осыған жақын кейіпте еді. Кезінде ауылды қақ жарып өтетін таспа жол да шөп басып, ескірген. Әр жерде көшенің қос қапталын құраған бұрынғы үйлердің іргетасы, қалған-құтқан қабырға кірпіштері мен қора-қопсысының орындары кешегі мамыражай тірліктен қалған жұқанақты елестетеді. Тып-типыл ауылдың орта тұсындағы өткендер мекені – көне зират қана осы сұрқай көріністен назарды өзіне аудартып, «әйтеуір ел келіп-кететін мен бармын ғой» дегендей, біздің де сонда тоқтарымызды біліп, тосып алатындай. Иә, осында мен білетін қаншама жақсы-жайсаңдар жатыр. Өз жарымның да ата-анасы – қайын атам мен қайын енем де мәңгілік тынысын осында тапқан. Баян аға бөлімше меңгерушісі, мал шаруашылығы маманы болып, менің де көп емес, жарты жылдай тірлігім ана қабырғалары ғана қаңқиған базда өткен.

Сондағы өз шамалауымша, жетпіс үйлі ауыл жер бетінен жоқ болғалы қашан. Соңғы үйдің қозғалғанына да бір жиырма-жиырма бес жыл болды-ау деймін. Бірақ, тоқтаңыз, ауылда әлі ата-баба зиратынан басқа, бір үй мен мешіт қалса, соңғы үй дегеніміздің өзі шартты түрде ғана болып шықпай ма? Енді осы арада, «Кеңестегі жалғыз үй» деген сөз тіркесі де орнын таба қалады. Жапандағы жалғыз үй мен Кеңестегі жалғыз үйдің айтылуында тақа айырмашылық жоқ. Екеуі де ескі ауылдың орнындағы екі үй. Жалғыз үйлі Кеңестің де жағдайы енді сол жапанға жақын, тіпті соның дәл өзі. Әйтеуір, әрі-бері маңайында Қарағаш, Ортақ, тап-өзіндей келіп-келіп, төрт үй ғана қалған Тапшыл тұр. Сонда да қысы-жазы желдің өтінде, қауіп-қатердің бетінде жалғыз үй отыру оңай емес-ау. Бір уақ осыны да бағамдағанда ойлайсың. Елдің бәрі ана бір тұста заман зобалаңына шыдай алмай, ойға-қырға көшіп жатқанда біз іздеп келе жатқан ауыл баласын туған топырақтан ажыратпаған не нәрсе екен, екпін түсіре айтсақ, ненің күші екен?!

Оны зираттан кейін үйіне соғып, одан таппаған соң жағалай шашырай жайылған жылқының басында жолықтырған Нәдірбек бауырымыздың өзінен сұрадық. Әрине, жер әжептәуір сыз болғанымен, жаздай беті бір бері қарамаған құрғақшылықтан қайта реңі көк тарта бастаған әлі де тақырлау шөптің үстіне төсеніш төсеп, малдас құрып отыра қалып, әңгімемізді бастағанымызда бірден ол сауалға әлі кезек бере қоймағанбыз. Шіркін, қайыңды қалың шоқты жанап, көз ұшындағы көкжиекке барып сіңер кең жазық, бауырында құлыны шұрқырасқан мама биелер мен тай-жабағыны өзіне қарайлатқан мына жердің аз-кем оты, көз алдында көркем бір көріністі құрайтын Қамбар атаның қалың қарасыны неткен әсерлі еді дегізетін-ақ сәт еді бір мұның өзі. Оның үстіне жауыннан кейінгі саф ауа да сондай бір тұнық, тап-таза, қаладан келген пендеңіздің тынысын ашып, кейде кешкісін орталықта көлгілжім шымылдықтың тұрып алатын түтін иісін де мүлдем естен шығартып жібергендей еді. Иә, ауылдық жердің, керім даланың бір қасиеті осы ғой.

Кешегі соның бір тұрлаулы нүктесі – Кеңес ауылы да жоқ енді жер бетінде. Десек те, өзінен басқа тірі жан қалмаған осы ауылға көптен бері жалғыз өзі қарасын болып, түндігін жапқызбай келе жатқан, сол үшін де көңілімде бір жазар дүние болып тұрып алған Нәдірбектей нән азаматты өз орнынан тапқан осы сапарыма бек риза едім. Жаңа өтелмеген парызымдай ойымнан шықпай, туған Ортағымнан жолды бері салғанымда да, жоқ ауылды қаланың тірлігіне қиып, жым-жылас етіп кетпеген жалғыз үйдің иесімен бет-бет жүздесіп, сол мақаланың нобайын көкірекке түйіп кетсем деген үкілі үмітім де көңілде он көлбеген. Халқы баяғыда тарап, жұрты ғана қалған ауылға қаншама жыл қарасын болып жалғыз отыру оңай ма? Жоқ, әрине. Күндіз де, түнде де жалғыздық кімге жарасқан? Төзімнің де төзімі, батыллықтың да батылдығы, мықтылықтың да мықтылығы керек ол үшін. Жалғыздың жары құдай! Әне, жоқ ауылдың шетіне қарай, ана тұста Алланың үйі – мешіт мен мұңдалайды. Бұзып алынып, жермен жексен болған көп үйдің қарасыныңдай сол ғана аман тұр. Сосын өз үйі. Іргеде зират. Өзін ауылда қалған осы қасиетті қос белгі қорғайтындай, айтты айтпады, бір құдай өзі жар болып келе жатқандай. Шүкір, мал-жаны аман. Осы елдің адамдарын қанша көріп жүріп, азамат атына да бір сөз ергенін атымен естімеппін. Сәкен ағамыздың «Жапандағы жалғыз үйіндегі» Қарасай бас пайда мен ішкі есептің адамы еді. Ал, Кеңестің Нәдірбекі табан ақы, маңдай терімен қысы-жазы осы ауылдан шыққан ағайынның жылқысын бағып, малсыз күні жоқ қазақтың бір жағынан шығысып, шексіз алғысын арқалап келеді. Осы отырғанымызда амандық-саулықтың соңын ала әне-міне, бас қояр әңгімеміздің

алдын орағытып, өзін білгеннен соны да іштей көңілге бір демдеп қоямын. Сонымен, өз ауыл-аймағы, аралас-құралас төңіректегілерге емес, танымайтын, хабары жоқ оқырманға Нәдірбек Бақтияров деген елудің бесеуіндегі бұл жігітіңіз кім? Әкесі Шынтемір осынау Кеңес ауылының төл тумасы. Өмір бойы тірәктірде істеп, өз замандастарының көпшілігі сияқты бұл жарық дүниеден ерте өтті. Күн сайын таңертең сақылдаған сары аязда қатып қалған техникаға жан бітіру үшін оттықпен моторын қыздырып, радиаторына қайнаған ыстық су құйып, зықылары шығатын, сөйтіп жүріп денсаулықтан айырылған сол адамдардың бүгінде көзі тірілері некен-саяқ. Ал, анасы Жәмила апа шүкір, әлі бар. Көрші Тапшыл ауылының қызы, ол кісі де жастайынан шаруашылық жұмысынан бір қалмаған жан. Кезінде осы ауылдарда қой да қырықты, бұзау да бақты. Жем тартуда жүргенде дробилка қиып түсіп, сұқ саусағынан да айырылды. Соның өзінде он баланың тілеуін тілеп, бертінге дейін совхоздың сиырын сауып жүрді.

Сол он бауырының кейін екеуі о дүниелік болғанымен, қалған сегізі аман. Алланың берген қуатымен өз нәпақаларын тауып, ел қатарлы жүріп жатыр. Үлкен апасы Бақытжамал 1988 жылы кеңес әскері құрамында бір жарым жыл Ауған соғысына қатысып келген. Мұхтар мен Асылбек, Асқар шүеуі Тайынша қаласы мен оған жақын Большой Изюм селосында тұрады. Тоқтар ағасы Көкшетауда теміржолшы. Өзінен кейінгі Гүлнәр қарындасының тағдырына қатысты да Нәдірбектің айтары бар. Күйеу бала балалар үйінен еді. Ауырып, сырқаты меңдеп, енді беті бері қарамайтынын білгенде «мені осы Кеңеске қойыңыздар» деп өтініш жасаған. Бұл күнде осы зираттағы ет жақындары, ауылдастарымен бірге, сол қимас бейненің торқалы топырағына да бас-көз.

Бір кезде өзі келін болып түскен көрші ауылдың көсегесін көгертіп, дүниеге бес ұл, бес қыз әкелген Батыр ана – Жәмиля апамыз бұл күнде сексеннің сегізінде. Жаз тұса, өмірінің бар қызығы мен шыжығы өткен осы Кеңеске келіп, Нәдірбекінің арқасында әлі орнында тұрғандай көрінетін ауылдың бір жұтмын қымызын, саф ауасын дәтке қуат етіп, бір жасап қалғандай болады.

Десе де, жоқ ауылдың аты жоқ ауыл. Кешегі толғауы тоқсан тіршіліктің қазаны қайнап жатқан Кеңесті, ол сияқты ондаған ауылды, мектебін жауып, одан халқын анда-мында табан тіреуге мәжбүр етіп, жоқ қылып қойған не саясат екен?! Баяғы ауыл болса, бес ұлдың кенжесі Нәдірбекі де осылай жырақ, жалғыз отыра ма еді. Ана жүрегі табиғаттың кірпияздығы өз алдына, ойламаған жерден адам қысастығы да жетіп артылатын мына кері заманда жылқы соңындағы баласының амандығына бір, осы жалғыз-жарым тірлігіне екі алаңдайды. Жазда келіп жатып кеткенінде кәрі кеудесі кейде келіннен басқа шүйірелесер бір серігін таба алмай, айнала өлі тыныштықта жападан-жалғыз қатты құлазитыны бар. Сондай аптап жазда да, қалған жыл мезгілдерінде де, қысқасы, жыл он екі ай бойы бұл үйде ауыздан көп шығатын сөз «жылқы, жылқы!». Былайғы жұрт та Кеңесті, Нәдірбекті айта қалса, осы анықтамаға жүгінеді. Биыл алғаш қарына құрық іліп, жылқы бағуға шыққанына 34 жыл екен. Бәріне бала кезінде жылқы малын жанындай жақсы көріп, асау тайларға дейін үйретіп, арынын басып жүре беруі себеп болған.

1989 жылы Отан алдындағы әскери борышымен өтеп оралғанда, совхоз орталығына жұмыс сұрай барған бұған шаруашылық басшысы Аманкелді Жаров салған жерден «жылқыға шық» деген. Бұл сөзге абдырап, ат-тонын ала қашатындай сырын білмей келген малы емес. Осыны айтып отырғаны, ат үстінде айбары барын іргедегі Кеңеске келіп-кетіп жүріп, ол кісі де талай көрген. Оның үстіне келесі бір сөзінде «осы жылқыға ыңғайы келсе, сол баланың ыңғайы келеді деп өзіңді күтіп жүр едім» дегені де амал жоқ, бетін бері қаратып тастаған. Иә, адам баласы аталы сөзге тоқтайды, соған арқа сүйейді емес пе? Ол кезде жиырма бірдегі Нәдірбек те үлкеннің айтқанын екі етпейтін тәрбие, өзін қанаттандырып жіберген мына сөз бар, шаруашылықтың 200 бас жылқысының ішінен өзіне көңілі қалаған мініс атын таңдап, ер-тұрманының айылын қыса тартып, бір-ақ күнде жылқышы болып шыға келді. Бас жылқышы тете өскен ауылдас ағасы, осы төңіректе жақсы аты қалған Есдәулет аталарының жиені Берік Мәдиев болса, өзі келіп қосылған қос серігінің тағы бірі Жасқайрат Бениев. Ол тұста «Тернов» совхозы бие байлайтын. Қымыз деген асхана, дала қостарына, халыққа, былайғы келім-кетім кісілерге жетіп артылады. Ал, биелердің бәрін желіге байлап, сауып үйрететін, құлындарды еміздіріп, сол биелерді идіртетін, керек болса, сауатын осы жылқышылар. Солай қашан бала жылқышыдан Қамбар атаға қатысты бар тірліктің ыстық-суығын, төзімділік, көнтерлілігін, иен даладағы жалғыздығы мен өткен-кеткен сабақтарын өзі тәуекел етіп, шыбын жанына қалап алған кәнігі жылқышыға айналғанша ат үстінде шоқытып, небір күндер, небір түндер өтпеді дейсіз. Ол жағын, бүгінгі күннен шет жағалап өзі де былай жеткізеді:

Жалғасы 4-бетте.

